

Бекітемін.

Мектеп директоры

Н.Ш. Касымбекова

№3 Ө.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Жұмысының атауы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жұмысты орындаушылар
1	5-10 сынып оқушылары арасында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	клубын	қазан - қараша	ДТІЖО: Б.Турлыбеков Тәлімгер: Ө.Түймекұл
2.	Мектеп кітапханаларында үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастыру	кітап көрмелері, бұрыш	Үнемі	Кітапханашы: Ү.Дулатбаева
3	Мектеп оқушылары арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру	байқау	тоқсғн сайын	1-4 сынып жетекшілері
4	«Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты тақырыпта ата-аналар жиналысын өткізу	жиналыстар	жарты жылда бір рет	мектеп әкімшілігі
5	9-11 сыныптар арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру	пікірталас	Қаңтар	Тарих пән мұғалімі: Е.Төлегенұлы Тәлімгер:

				Ә.Түймекұл
6	«Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстанымым» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлермен кездесу ұйымдастыру	семинар, кездесу кеші	Ақпан	ДТІЖО : Б.Турлыбеков Д.Есіркепова Ұйымыдастырушы педагог: Г.Абдиева Тәлімгер: Ә.Түймекұл
7	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасында сурет байқауы	сурет көрмесі	Наурыз	6-9 сынып жетекшілері
8	Мектептерде балаларға арналған ар-ұят,абырой, жауапкершілік,адалдық,әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттайтын құыршақ театрланған қойылымдар ұйымдастыру	сахналық көрініс	Сәуір	Бастауыш пән бірлестігі: А.Тұрсынбаева
9	«Парақорлық - мәдениетсіздіктің көрінісі» тәрбие сағаттары	тәрбие сағаттары	Сәуір	Сынып жетекшілер 8-11 сыныптар
10	Мектеп оқушылары арасында «Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» шығармалар байқауын ұйымдастыру	шығармалар байқауы	жарты жылдықта бір рет	Тіл мамандары Р.Кермбекова Н.Қосмұратова
11	Жоғарғы сынып оқушылары арасында «сыбайлас жемқорлық қылықтары мен зардаптары», «тәртіптің қажеттілігі қандай?» тақырыптарында дебаттық турнирлер өткізу	пікірталас, ашық микрофон, Дебаттар	Қараша	Тарих пән мұғалімі Е.Төлегенұлы Тәлімгер: Ә.Түймекұл
12	«Тәртіпке бағынған құл болмас» пікірталас	пікірталас	Желтоқсан	Тарих пән мұғалімі Е.Төлегенұлы

				Тәлімгер: Ә.Түймекұл
13	Жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған БАҚ бетінде материалдар жариялау	мақалалар, өтілген шаралар туралы анықтамалар жариялау	Үнемі	ДТІЖО: Б.Турлыбеков Д.Есіркепова
14	Сыныптан сыныпқа көшу және мемлекеттік емтихан тапсыру барысында «Таза білім» акциясын өткізу	Акция	Жазғы емтихан дар кезінде	Өзін – өзі басқару Тәлімгер: Ә.Түймекұл
13	«Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам орнату мүмкін бе?» атты құпия сауалнамалар алу\8-10 сыныптар\	Сауалнама	Сәуір	Педагог-психолог: Ф Еспулганова
14	Жоғарғы сынып оқушылары арасында Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне орай флешмобтар ұйымдастыру	Флешмоб	мамыр	Өзін – өзі басқару Тәлімгер: Ә.Түймекұл

ДТІЖО:



Б.Турлыбеков

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысының есебі 2023-2024 оқу жылдары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары аясында жұмыс ағымдағы оқу жылында жалғастырылып, жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, мектеп мұғалімдерімен, яғни пән бірлестіктері арасында мұғалімдермен

іскерлік ойындар, сауалнамалар алынып, баяндамалар, байқаулар ұйымдастырылып отырды.

Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы бұйрық шығарылып, жоспар бекітіліп сол жоспар аясында жұмыстар атқарылды.

5.03.2023 ж. «№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Сыбайлас жемқорлықсыз ел- өркендеуші ел" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мектеп директоры Н.Ш Касымбекова жиналысты ашып берді. Тәрбие ісі

жөніндегі орынбасар Б.Турлыбеков "Отбасындағы тәрбие-әдептілік бастауы" атты баяндамамен таныстырып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмау және алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмысы бойынша мектеп педагог - психологы Ф.Еспулганова ата-аналардан сауалнама алды.

Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Клуб мүшелерінің құрамы

8-9 сыныптар аралығында саны бойынша -25. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты, міндеттері айқындалып бекітілді. Сынып жетекшілері әрі тарих пәнінің мұғалімі Е.Төлегенұлы. және мектеп тәлімгері Ә.Түймекүл клубқа

жетекшілік етіп тағайындалды.

Клубтың міндеттері:

Адамдардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты, этикалық сапаны қалыптастыру;

Еңбексүйгіштікке,өмірге жасампаздықпен қарауды қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру;

Мектебімізде «Адалдық алаңы» бұрышы жасалды. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар 3 тармақтан тұрады.

Мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстар.

. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Бастауыш сынып оқушыларына «Жемқорлық» туралы жалпы мағлұматтар беріп, сурет байқаулары, әр түрлі ойындар өткізілді.

Адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайтуда, өсіп келе жатқан ұрпақ бойындағы адалдық қасиеттерін және оқушылар арасында

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға «Adalduq alańy» өңірлік жобасысының пайдасын тигізетіні анық. Дүкеннің сатушысыз екеніне қарамастан оқушылар адалдыққа басай отырып, қызығушылықтары ояна отырып, алған затына сай жанында тұрған қорапшаға ақшаларын салып

кетіп отырды.. Мұндай әрекеттер парасаттылық пен адалдықты тәрбиелеуге бағыттайды, жағымды моральдік қасиеттерін дамыта түседі. Бұл игі бастама өзінен кейінгілерге де, үлкендерге де өнегелі, үлгілі іс болары анық.

№3 Ә.Молдағұлова ЖОББ мектебінде 3 қыркүйек күні, сағат: 10:00 де 5-11 сынып

оқушылар аралығында "Сыбайлас жемқорлық жоқ ел – өсіп-өркендеуші ел» негізімен жалпы жемқорлыққа қарсы іс-шара болып өтті. Білім және ғылым министірлігінің қолдауымен бірыңғай «Жемқорлыққа жол жоқ» атты іс-шараның өтіп жатқандығы жөнінде хабардар етті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл күн тәртібіндегі басты мәселе екендігі және адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім сияқты негізгі

құндылықтары туралы кеңінен насихатталды. Республика бойынша болып жатқан тіркелген қылмыстардың азайып, көбеюі туралы слайд түрінде деректер көрсетілді. Қазақстан Республикасының 2015-2020 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының, «Адал ұрпақ» мектеп клубтары мен «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің негізгі мақсаттарымен таныстырылды. ҚР президенті Қасым - Жомарт

Кемелұлының жемқорлықтың түп -

тамыры жойылғанша күресетіндігі туралы баса айтылды.

Мектеп оқушыларына осындай жалпыреспубликалық «Адалдық сағаттары» жыл сайын дәстүрлі түрде «Білім күнінде» бастау алып, жас буынның рухани болмысын кемелдендіру үшін жыл бойы жалғасатындығы айтылды.

Мектеп бойынша қатысқандар саны: 5-11 сынып аралығында - 344 оқушы, 52 мұғалім қатысты.

Жалпы мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты іс-шарада 9-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен бірнеше көрністер көрсетіліп оқушылар назарына ұсынылды.

Аудандық білім бөлімі ұсынып отырған сілтемелер арқылы «Адалдық сағатына» оқушылар үнемі тартылып, қатыстырылуы қамтамасыз етіліп отырды.

Сенім телефонымен» және бірінші басшылардың жеке қабылдау кестелері ақпараттық

стендтке орнатылды, сол сияқты жеке және заңды тұлғалар үшін «сенім телефоны» мен

арыз-шағымдарға арналған «Сенім жәшігі» мектептің екінші қабатының холына

орналастырылып, жұмыс істеуін жалғастыруда.

Сонымен қатар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау мақсатында «Өнегелі өмір» жобасы аясында акциясы 2023 жылы

өз жалғасын тауып, өткізіліп отырды. Өйткені жоба
елбасымыздың

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек
міндеттердің бірі «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруда маңызы зор.
Келес ауданы жерінің дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа
жету

тарихына мән беру арқылы ұлтымыздың алтын қорына енуге лайықты
жерлестерімізді көпшілікке таныту мақсатында жетістік пен табысқа
жеткен

тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы
ұлтжандылыққа,
адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Б.Турлыбеков